

**Методические рекоменда-  
ции для образовательных  
учреждений по профи-  
лактике/ предотвращению  
насилия, буллинга.**





# Мазмұны



қолдану. Зорлық әрекеттеріне дене күші пайдаланылмайтын, бірақ қорқыту, мәжбүрлеу, қорлау, бопсалау мен үркіту сияқты адамға билік көрсетілетін әрекеттер де жататындығын айта кету керек. Басқа адамға билік жасайтын тұлға оны менсінбесе, қамқорлық пен көмек көрсетуден бас тартса, онда осындай әрекеттер зорлық болып саналады.

Білім беру мекемелеріндегі зорлықтың табиғаты мен сипаты әртүрлі, бір реттік зорлық әрекеттері түрінде де, сондай-ақ тұрақты қорлау, кемсіту және жүйелі қудалау (буллинг) түрінде де болады. Зорлық әртүрлі формада болады (дене және сөз, еорлық әрекеттері мен сөздерінде, болуы мүмкін, материалдық пайданы көздеуі мүмкін), бірақ олардың салдары үнемі ұзақ мерзімді болып келеді. Сондықтан зорлық жағдайларын елемеуге болмайды, олар назарды және олармен жұмыс жасауды талап етеді. Зорлық оқушылар тарапынан құрбыластары немесе мұғалімдерге қатысты да, мұғалімдер тарапынан оқушыларға қатысты да болуы мүмкін, сыныпта немесе оқу тобында тәртіпті сақтау үшін, оқушылар ар-намысына тиетін дене жазалары мен психологиялық әсер ету шаралары (ренжітетін лақап аттар, кейбір оқушыларға артықшылық таныту, қорлау, ұрып жіберу және т.с.с.) да болады.

Зорлықтың көптеген жағдайларын анықтау қиын. Әдетте, зорлық бастамашылары сырттан бақылау мен қадағалау болмаған жағдайда болады. Үлкендердің ренжітушінің әрекеттерін емес, зақым шеккен адамның жауап реакциясын (тәртіпті бұзған ретінде көрінетін) байқайтыны сирек емес. Мысалы, әлемдік практикада белгілі оқушылардың атысу жағдайлары, жәбірленушінің ұзақ уақыт қудалауда болғанының, оқу мекемесінің назарынсыз қалғандығының салдары болып табылады.

Бұдан басқа, жәбірленушілер, зорлықтың асқынып кетуінен немесе қоршаған адамдар арасында «өсекші» немесе «сөз тасушы» болып көрінуден қорқып, оларға бағытталған агрессия туралы көбіне айтқылары келмейді.

Жүйелі зорлық – қудалау немесе буллинг өте қауіпті болып табылады. Оқушыларды бір адам да «оқушы немесе мұғалім), сондай-ақ тұлғалар тобыда қудалай алады. Интернет қолжетімдігі артқан сайын қудалау виртуалды кеңістікте жүзеге асырылып та келеді – ұялы телефон, электрондық пошта мен әлеуметтік желілерде қорлайтын фотографиялар, кемсітетін хабарламалар мен қорқытулар (кибербуллинг) тарап келеді.

Мектепте дене зорлығы, басқалармен қоса, төбелестерде де пайда болады, олар кейді тіпті алғашқы көмек пен медициналық араласуды талап ететін жарақаттарға да алып келеді. Төбелес қыздар арасынан гөрі, көбіне кіші және жасөспірім жастағы ұлдар арасында жиі болып тұрады. Үлкен жасөспірімдер онша айқын емес зорлық түрлеріне тартылады, мысалы, сөзбен қорлау, бойкот жариялау, кибербуллинг сияқты. Денеге жасалмайтын зорлық ренжітетін сөздер, қорлау, ұрыс-керіс, қалжыңдап емес мазақтаулар, ойынға немесе шараларға қатыстырмау, бар екендігін елемеу, көмек көрсетуден бас тарту, чаттан шығарып жіберу және т.б. арқылы көрінеді.





## Зорлықты жіктеу

**Күш зорлығы** – ол адамды ауырсыту, оған қолайсыздық тудыру, оның ар-намысын аяққа таптау мақсатында дене күшін қолданатын әрекеттер. Дене зорлығына қолмен, аяқпен, қандай да болмасын заттар көмегімен ұру, тепкілеу, итеру, желкесінен ұру, тістеп алу, қолын бұрау, саусақтарын сындыру, қандай да болмасын қолайсыз немесе кемсітетін жағдайда тұруға мәжбүрлеу, тұншықтыру, шашынан тарту, сілкілеу пен қандай да болмасын зат немесе қару ала жүгіру және т.б. жатады. Дене зорлығы дене және психологиялық жарақаттарға, жәбірленушінің мүгедектігіне немесе жарақат немесе өзіне-өзі қол жұмсау нәтижесінде өлімге алып келуі де мүмкін.

**Психологиялық зорлыққа** қасақана ар-намысты қорлауға, елемеуге, итеріп тастауға, адамды бақылауға немесе әлеуметтік оқшаулауға бағыттап жасалған вербалды және тәртіп әрекеттері жатады. Психологиялық зорлық мазақ қылуда, күлкіге айналдыруда (ренжітетін лақап аттар қою), қарым-қатынас жасаудан бас тартуда, топқа, ойынға, спорттық сабақтарға немесе басқа шараларға қатыстырмауда, сондай-ақ адамның өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі құрметтеуіне кедергі жасайтын кемітуде, дөрекі және жәбірлеуші сөздерде, ұрыста көрінеді, олар оның «түкке тұрмайтындығын», қоғам тарапынан шет-тетілгенін білдіріп, оның өзінің тұлғасын құнсыздандырады.

**Сексуалдық зорлық** – эол адамды өз еркінен және ниетінен тыс сексуалдық қатынастарға мәжбүрлеу, сондай-ақ үлкендер тарапынан келісім жасына жетпеген (16 жас) жасөспірімге қатысты кез келген сексуалдық сипаттағы әрекеттер (соның ішінде мәжбүрлеумен байланысты еместер де). Зорлау (күш немесе күш қолданудан қорқыту арқылы жасалатын жыныстық қатынастар) – сексуалдық зорлықтың ең шеткі деңгейі, ол жүктілік пен жыныстық жолмен берілетін жұқпалы ауруларды, соның ішінде (АИТВ-жұқпасына алып келуге себеп болады. Осындай зорлық терең психологиялық жарақатқа алып келеді, өзін-өзі бағалауды төмендетіп, өмірмен қоштасуға ниетінің себебі болуы мүмкін. Сексуалдық зорлық қалаусыз құшақтау мен ұстау, соның ішінде басқа адамның жыныстық органдарын ұстау, немесе өзінің жыныс органдарын ұятсыздықпен ашып тастау, порнография көрсету, жалаңаш адамды сығалап қарау түрінде болуы мүмкін. Сексуалдық зорлыққа сондай-ақ ар-намысқа тиетін сөздер айту және сексуалдық сипаттағы жақындаулар - әзілдер, ілтипат білдіру мен алымсақтық, сондай-ақ осындай жақындаулардан бас тартқан адамды қысуға бағытталған кез келген басқа әрекеттер жатады.

**Экономикалық зорлық** білім беру мекемелерінде оқушылар мен жұмыскерлердің мүлігін (киімін, мектеп құрал-саймандарын, жеке заттарын, ұялы телефондарын және т.б.) бұлдіру немесе күшпен тартып алу жатады. Зорлықтың осы түрі көбіне бопсалау арқылы көрінеді – бір рет немесе кезеңді түрде ақша, заттарды қысым көрсетіп және мәжбүрлеп талап ету, оған дене

күшімен өш алатындығын, қандай да болмасын мәліметтерді жария ететіндігін, өсек пен өтірік сөздер тарататындығын айтып қорқыту да қосылады. Осындай әрекеттер құрбанға материалдық қана емес, сонымен қатар дене және адамгершілік уайымдардан (ауырсыну, қорқыныш, қорлану) моральдік те залал келтіреді.

**Кемсіту** дегеніміз, адамның ұлтына, жынысына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, діни нанымдарына, мүгедектігіне, даму немесе тәртіп ерекшеліктеріне, аурудың немесе кез келген басқа белгінің болуына байланысты оны менсінбеу немесе ерекше қарым-қатынас таныту болып табылады. Кемсіту әртүрлі болады: ашық және айқын түрде адамды сөзбен, қалжыңмен, лақап атпен немесе мазақтау арқылы, ойындар мен шараларға қатыстырмаумен ашық түрде болады, сондай-ақ кемсітіп, тең қарамау арқылы жасырын түрде де болады.

Көріну түрлері мен формаларына қарамастан, зорлық әрекеттері сол бір тұлғаға қатысты бір реттік немесе тұрақты түрде болуы мүмкін. Зорлық жүйелі сипат алып, жәбірлеушінің билігі мен беделін жәбірленушінің өзі алдында және қоршаған адамдар алдында қорлау мен құнсыздандыру есебінен бекіту мақсатында болған жағдайда, оны белгілеу үшін «буллинг», немесе «қудалау» терминін пайдаланады.

**Буллинг (қудалау)** – ол бір тұлғаның немесе тұлғалар тобының өзін қорғай алмайтын индивидке қатысты жоғарыда сипатталған зорлық пен қорлаудың сан-алуан түрлерінің қайталанатын актілері. Дене мүмкіндіктері бірдей екі оқушы жиі дауласқанда немесе күрескенде, және ол достық пен ойын түрінде болған кезде, ол буллинг болмайды. Буллинг үнемі құрбанды қудалауды, оны қорқытуды, кемсітуді, бағындыруды мақсат етеді. Білім беру мекемелерінде буллинг құрбыластар арасында кездеседі және үлкенірек оқшылар, мұғалімдер тарапынан кіші оқушыларға қатысты болады. Білім беру мекемелерінің жұмыскерлері әріптестер немесе басшылық тарапынан буллингке ұшырауы мүмкін. Көбіне буллинг – ол саналы жоспарлы уақыт бойында жалғасатын дене және (немесе) психологиялық зорлық, оны тоқтату үшінші тұлғалардың – директордың, мұғалімдердің, білім беру мекемелерінің басқа қызметкерлерінің, ата-аналардың, тіпті кейде құқыққорғау органдары өкілдерінің араласуын талап етеді.

Кейбіреулер шиеленіс пен қудалауды шатастырады, бәрақ олар екі түрлі құбылыс.

Шиеленіс келіспеу, пікірлердің немесе көзқарастардың сәйкес болмауы нәтижесінде пайда болатын екі және одан көп адамдар арасында болады. Оқушылар арасындағы шиеленіс міндетті түрде қудалауды білдірмейді. Балалар кішкентай кезінен бастап, басқалардың пікірі олардікінен басқа болатындығын түсінуге үйренеді, бәрақ кімнің дұрыс екенін түсіну кешірек келеді, тіпті осы үрдіс үлкейген кезде де жалғасуы мүмкін. Шиеленіс барысында әркім өз пікірін айта алады, күштер теңгерімсіздігі жоқ. Әркім өз пікірін айта алатындығын біледі. Адамдар тәртібіне байланысты шиеленісті жағымды жағынан да жағымсыз жағынан да қарастыруға болады.



Егер біреу-міреу өзін сөзімен немесе ісімен агрессивтік білдірсе, шиеленіс салдары жағымсыз болады. Бұл жағдайда, шиеленіс агрессияға дамиды. Ал шиеленіс қайта-қайта қайталанса, және күштер теңгерімсіздігі пайда болса, шиеленіс қудалауға ауысады. Шиеленісте агрессия танытатын тұлға оны әрі қарай жалғастыратын немесе жағдайды ушықтыратын болса, уақыт өте келе тәртіп моделі пайда болады. Агрессия факторы ретінде шиеленіс бағытталған тұлға біртіндеп әлсіздігін сезініп, өз ойын айту шешімділігін жоғалтады. Міне осы кезде шиеленіс қудалауға ауысады.

Шиеленіс пен қудалауға мектеп әртүрлі әрекет ету керек. Мысалы, шиеленіс жағдайында мектеп қызметкерлі барлық оқушыларды бірге жинап алып, әркімнің пікірін тыңдап, бірге жағдайды түзетуге көмектесе алады. Қудалау жағдайында, директор тәртіптік жазаның жазаның жүйесін, сабақтан және мектептен шығарып жіберуге дейінгі жаза қолдану керек. Тәртіптік жаза шаралары: кемсітетін немесе масқаралайтын сөзі үшін кешірім сұрау; оқушыға қойылған талаптарды қайта қарау; ашуды басу сеанстарына жіберу; оқушыны иіһмектептегі сабақтан шығарып жіберу. Қиынырақ жағдайда, егер ол бұрын қудалағаны үшін шеттетілген болса және басқа адам үшін жол берілмейтін қауіп төндіруді тоқтатпайтын болса, директор оқушыны мектептен шығару туралы ұсыныс жасай алады.

Буллинг әртүрлі болады. Бір жағдайда, ол жүйелі түрде сөзбен қорлау, тұлғаның қандай да болмасын бір ерекшелігін – сырт бейнесін, сөйлеу мәнерін, киім киісін, жұрысын, ымдарын, соның ішінде аурудан немесе мүгедектіктен (кекештік, ақсақтық) болатын әрекеттерін мазақтау, келеке ету болуы мүмкін. Келесі жағдайда, қорлау ұру, итеру, затын тартып алу немесе бүлдіру, ар-намысын қорлау, мысалы, қандай да бір кемсітетін әрекеттер орындауға немесе үшінші тұлғаларға қатысты күш актілерін жасауға мәжбүрлеу болуы мүмкін. Осындай дене және сөз әрекеттері тура буллингті сипаттайды. Тура емес буллинг онша айқын емес әрекеттер арқылы – айлы-шарғы тәртібі – өтірік мәліметтер, өсектер тарату, адамды қарым-қатынас аясынан, бірлескен ойындардан шығарып жіберу, шеттету, бойкот, елемей түрінде болады.

Буллингтің кейбір ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады:

- 1) буллинг асимметриялы – бір жағынан дене және/немесе психологиялық билікке ие агрессор, екінші жағынан – осындай күші жоқ және үшінші тұлғалардың қолдауы мен көмегіне қатты мұқтаж жәбірленуші;
- 2) буллинг қасақана орындалады, ол мақсат етіп алған адамына дене немесе жан күйзелісін келтіруге бағытталған;
- 3) буллинг – ол тек жәбірленуші мен жібірленушіге ғана қатысты емес, сонымен қатар ол болатын жердегі күш куәгерлеріне, бүкіл сыныпқа (топқа) қатысты топтық үрдіс;
- 4) буллинг ешқашан өздігінен тоқтамайды: үнемі жәбірленушіге, буллинг бастаушысына (жәбірленушілерге) және куәларға қорғау мен көмек керек.

Заманауи ақпараттық технологиялардың дамуымен бірге буллингтің тағы бір түрі – **кибербуллинг** пайда болды: адамды қудалау, ол туралы құпия ақпарат, өсек, намысына келетін және масқаралайтын хабарламалар тарататын ұялы телефондар, электрондық пошта, Интернет, әлеуметтік желілер, блог-



- **Қорғаушылар** да белсенділер мен селқостар деп бөлінеді. Белсенділер құрбанға қалай да болсын көмектесуге тырысады, ал селқостар болып жатқан нәрсені мақұлдамайды, бірақ араласпайды. Қорғаушылар да жәбірленуші сияқты жағымсыз әсерді сезінеді, бірақ онша айқын емес.

Демек, зорлық жағдайы ешкімді де тыс қалдырмайды, оған қандай да болмасын деңгейде бүкіл ұжым тартылған және оның жағымсыз салдарын барлығы да сезінеді. Тақим Ол қорытындысында оқу сапасына, оның академиялық көрсеткіштеріне әсер етеді, яғни зорлық бар ұжымның ол жоқ ұжымға қарағанда жетістіктері кемірек.

**Педагогикалық ұжым** (пән мұғалімдері, сынып жетекші) – негізгі қатысушылар, өйткені олар балалар ұжымы мен оқу үрдісінің басшылары, оқыту үрдісін ұйымдастыру мәнмәтінінде үлкенірек және ықпал етуші болып табылады. Беделді үлкен кісінің қатысуы, ұжымда пайда болған шиеленісті шешу барысында көбіне қажетті талап болып табылады, әсіресе буллинг жағдайында олардың қатысуынсыз мәселені шешу мүмкін емес деуге болады. Мұғалімнің формалды әкімшілік билігі бар, ол тәртіптік жаза (ескерту, сабақтан шеттету) пайдалана алады, сондай-ақ ол үлкен және тәжірибелі адам ретінде де ықпал ете алады. Мұғалімнің үндемей қалып, мәселені жоққа шығару стратегиясын таңдағаннан гөрі, шиеленісті шешу мен мойындауға бағытталған сындарлы позицияны алғаны өте маңызды.

**Ата-аналар (қамқоршылар)** – баланың заңды өкілдері бола отырып, шиеленіс тараптары арасында да, сондай-ақ басқа тартылған тараптар арасында да жағдайды анықтау мен сындарлы диалогқа ықпал ете алады. Ата-аналар, әдетте, өз баласын қолдаушы болады, шиеленіс фактологиясын жинайды, білім беру мекемесіне қатысты сыртқы жағдайға әсер ету факторларына - жоғарғы білім беру органдарына, БАҚ, ТПБ, прокуратураға көмекке жүгіне алады.

**Білім беру ұйымының әкімшілігі.** Ол да білім беру мекемесіндегі зорлық жағдайына әрекет ету саясаты мен практикасы тұрғысынан маңызды рөл атқарады. Білім беру ұйымының зорлық жағдайына қатысты өзара әрекетінің жалпы тәртібін осы әкімшілік реттейді, корпоративтік нормалар мен стандарттарды қалыптастырады. Олар әзірше білім беру мекемесінің реттеу құжаттарында көрсетілмесе де, бәрібір де оның жариясыз формалары бар. Олар алдыңғы тәжірибеден қалыптасады, және тікелей қатысушылар да, бақылаушылар да, педагогикалық ұжым да, ата-аналар да міне нақ соларға сүйене отырып шешім қабылдайды. Әкімшілік саясаты мұғалімдерді мәселені мойындауға, ресурстарға жүгінуге, репрессивтік шаралар мен мәселені жоққа шығару стратегиясын болдырмауға итермелеу керек.





## **Білім беру мекемесінің әкімшілігіне арналған ұсыныстар**

**1 I** Директор – білім беру мекемесіндегі зорлық фактілерінің алдын алу, анықтау мен жұмыс үшін жауапты негізгі тұлға. Бұдан басқа, осы тақырыппен жұмыс бьойынша қандай да болмасын мәдениет пен дәстүрі осы директордан басталады. Директор зорлық жағдайының алдын алу мен жұмыс бойынша бірқатар міндеттерді өзінің орынбасарларына (мысалы, тәрбие жұмысы жөніндегі) тапсыра алады, бірақ осы мәселені өз бақылауында ұстау керек. Зорлық жағдайы мен оның алдын алу бойынша жұмысты басқару маңыздылығы білім мекемесінің оқу үрдісінен кем емес.

Құқықтық негіз – Білім туралы заңның 6-тармағы 48-бабы (19.04.2019 ж. өзгерістері және толықтыруларымен) Білім беру ұйымдарында оқытудың, тәрбиелеудің, еңбек пен тынығудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік олардың басшыларына жүктеледі».

**2 I** Егер ұйымда зорлық тәртібінің немесе тәрбиенің төзімділік пен рұқсат етулік мәдениеті қабылданған болса, – білім мекемесі оқушылардың ұрыс-кеоһрісі мен шиеленісінде араласпау позициясын қабылдаса; педагогтар зорлық деп тануға болатын тәрбие шараларын қолданса; педагогтар ұжымының өзіне қатысты осындай шаралар қолданылса және т.с.с, онда осындай тәсілді қайта қарап, күштік емес қарым-қатынас мәдениеті мен күштік емес тәрбиелеу әдістерін енгізуді бастау керек.

**3 I** Білім мекемесінің қолда бар реттеу құжаттарының біреуіне (жарғы, шарт, үлгілік тәртіп қағидалары, лауазымдық нұсқаулықтар, әлеуметтік-психологиялық қызмет туралы ереже және т.с.с) жоғарыдағы мәтінде келтірілген зорлық анықтамасы мен оның түрлерін, сондай-ақ осы білім ұйымы үшін айқын қалыптасқан зорлыққа нөлдік төзімділік нормасын енгізу керек.

**4 I** Зорлыққа қатысты Білім мекемесінің зорлыққа қатысты саясатын жасап, бекіту керек, оған әрбір нақты жағдайды анықтау, тиянақтау және жүргізілген жұмыс жазылған Зорлық жағдайымен жұмыс бойынша хаттама кіреді.

**5 I** Білім мекемесінің персоналын Білім мекемесінің зорлыққа қатысты саясатымен және хаттамасымен, және олардың осыған байланысты міндеттерімен таныстыру керек.

**6 I** Білім мекемесіндегі зорлық жағдайы туралы құпия хабарлама арналарын (мысалы, сенім жәшігі, сенім телефоны, электрондық пошта, мектеп сайтындағы форма және т.б.) қамтамасыз ету керек.

**7 I** Білім ұйымы әкімшілігінің, сондай-ақ педагогикалық құрамның зорлықтың алдын алу және онымен жұмыс бойынша біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету керек.

**8 I** Зорлықтың алдын алу, толеранттықты дамыту, балалар ұжымы бар тәрбие жұмысының әртүрлі болуын қабылдау (әңгіме, тренингтер, оқушыларға арналған команда құрушы ойындар, бейнероликтер қарау, кейстерлі талдау, рөлдік ойындар, мұғалімдерге арналған тимбилдинг және т.с.с.) бойынша жыл сайын тұрақты шаралар енгізу және олардың орындалуын бақылау.



«127-1-бап. Кәмелетке толмағандар жасаған немесе кәмелетке толмағандарға қатысты құқыққа қарсы іс-әрекеттер туралы хабарламау - Білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдары қызметкерлерінің құқық қорғау органдарына білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу фактілері туралы, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өздеріне белгілі болған фактілер туралы хабарламауы, егер бұл іс-әрекеттерде Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 434-бабында көзделген, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, – жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

**15 I** Түсініктемелерде және т.с.с. жасылған зорлық пен қудалау фактілерін ата-аналарға хабар берілгеннен кейін және олардың қатысуымен талдау керек.

Құқықтық негіз – Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 71-бабы 1-тармағы (01.04.2019 жылға өзгерістері мен толықтырулары туралы) - Ата-аналар өз баласының заңды өкілдері болып табылады және арнайы өкілеттіктерсіз кез келген жеке және заңды тұлғаларға қатысты, оның ішінде соттарда оның құқықтары мен мүдделерін қорғайды».

**16 I** Педагог-психологтан, әлеуметтік педагогтан, медицина қызметкерінен, жасөспірімдермен жұмыс жөніндегі инспектор мен өз құзіреттілігі мен лауазымдық міндеттеріне сәйкес зорлық жағдайының қатысушысына қажетті көмекті тиімді көрсете алатын, сондай-ақ зорлық пен агрессивтік тәртіп мәселелері бойынша алдын алу жұмыстарына қатыса алатын басқа қызметкерлерден тұратын білім мекемесінің әлеуметтік-психологиялы қызмет жұмысын қалыптастыру және қолдау көрсету. Осы қызмет зорлық мәселесін ең тиімді шешуге арналған жұмыс буындарының бірі болып табылады, білім беру ұйымы әкімшілігіне қолдау көрсету барысында педагогикалық ұжымның жөнге салынған жұмысы қажет.

**17 I** Сондай-ақ білім мекемесінің үй-жайлары мен аумағының қауіпсіздігін (жарық, күзет, бақылау, мүмкіндігінше бейнебақылау және т.с.с.) барынша қамтамасыз етіп, осы көрсеткішке үнемі мониторинг жүргізіп отыру керек.

**18 I** Жоғары білім беру басқармасымен, ішкі істер органдарымен, денсаулық сақтау ұйымдарымен, әлеуметтік көмек, психологиялық қызметтермен және т.б. зорлыққа қарсы әрекет мен жәбірленушілерге көмек көрсету бойынша өзара әрекетті ұйымдастыру керек.

**19 I** Оқу және тәрбие үрдісі отбасыларына мөлдір және достық көзқарасты, ата-аналарға балалар тәрбиесі үшін жауапкершілігі мен олардың құқықтары туралы еске салуды қамтамасыз ету үшін, ата-аналары қоғамдастығын білім беру ұйымына барынша тартуға ықпал ету.

**20 I** Оқушылардың мектептен тыс шараларына қатысуын дамыту, соның ішінде білім беру ұйымы базасында қолжетімді демалыстар ұйымдастыруға ықпал ету.

**21 I** Зорлықтың алды алу және зорлық жағдайларымен жұмысқа бағытталған шараларды жыл сайын мониторингтау және бағалу. Аойнған деректер негізінде келесі жылға жалпы мектеп стратегиясы мен жұмыс жоспарына түзетулер енгізу.





**9 I** Кеңесшілер ретінде педагог-психолог пен әлеуметтік педагогты сыныптағы (топтағы) әлеуметтік-психологиялық климатты диагностикалау мен жақсарту, зорлық жағдайын болдырмау мен шешуде көмек көрсету, оның қатысушыларымен жәәне басқа оқушылармен сөйлесу, ата-аналарға кеңес беру үшін шақыру. Тұлғалық түзету талап етілетін оқушыларды әлеуметтік-психологиялық қызметке бағыттау.

**10 I** Зорлық жағдайлары туралы хабарларды назарсыз қалдырмау, агрессивті тәртіпке жол бермеу, шиеленісуші тараптарды ажырату, ұзақ мерзімдік әсер беретін әне жағдайды ушықтырмайтын тәртіптік шаралар қолдану.

**11 I** Шиеленістер агрессия жағдайларына мұқият қарау, ол оқушылармен болатын табиғи нәрсе және балалар өздері шешеді немесе оқиға жабылады, деген стереотиптерге берілмеу керек. Заттарды өз атымен атап, оларды басқалармен бүркемелеуге тырыспау керек. Қудалау – ол қудалау, ол «тату емес сынып» емес. Әрбір зорлық жағдайы балада да, сондай-ақ жалпы ұжымда да терең құрылымсыздық із қалтырады.

**12 I** Оқушыларда, «Үстінен сөз айта – оған залал жасағысы келу», ал «Оқиға туралы айту – қиналған адамға (соның ішінде өзіңе) көмек көрсетуге тырысу», түсінікті қалыптастыру.

**13 I** Оқушыларды жағдай мен ішкі қолайлылыққа байланысты шиеленістігі тәртіп стратегиясының бірін пайдалануға үйрету: жанынан өтіп кету және бұқара бөлігі болмау, жәбірленушіге қолдау көрсету, зорлық фактісі туралы жауапты үлкен адамға хабарлау, агрессорды тойтару (тойтаруға көмектесу).

**14 I** Анықталған жағдаймен жұмысты келесі принциптер негізінде құру керек: назарды тұлғаға емес, қылықтарға (тәртіпке) аудару; өзінің жағымсыз эмоцияларын бақылау, агрессивті емес тәртіп моделін көрсету (өйткені педагог оқушы үшін модель болып табылады).

**15 I** Шиеленіс пен буллинг жағдайына дұрыс жауап беру әдістерін, агрессивті және гипер белсенді балалармен жұмыс әдістерін зерделеу және қолдану. Келесі принциптерге негізделген қудалаумен күрестің өзіндік меншікті стратегиясын жасау және қолдану:

- агрессивтік әрекет жасалған балаға ұжымның аяушылық сезімін туғызатын жұмыс стратегиясын жасамау, ол қудалау жағдайында қолданылмайды, ол, керісінше, агрессор әрекетінің тиімділігін растау қызметін атқарады. Жәбірленушіге қолдау көрсету, оған орындалмайтын нәрсеге уәде бермеу керек;
- агрессорды елдің алдында кінәламау, ол оның тәртібін нығайтады, өйткені ол әлеуметтік назар алу мен өзінің басымдығын (жағымсыз көшбасшылығын) мақұлдатуға бағытталған. Агрессорға жазбаша жауап беруге мүмкіндік беру керек. Күтілетін жағымды тәртіпке назар аудару керек. Агрессорды қорқытуға және кінәлауға болмайды. Осы білім мекемесінде зорлық қабылданбайтындығы туралы байсалды хабарлап, шаралар қабылданатындығы туралы және олар агрессорға қарсы емес, олар қа-



**5 I** Оқушыларды күш әрекеттері жасалуы мүмкін техникалық үй-жайларға (жертөлелерге, қоймаларға, бойлер бөлмелеріне, гараждарға) және жасырын жерлерге (баспалдақ торларының астына, тамбурларға, білім мекемесі аумағының алыс жерлеріне) жібермеу;

**6 I** Дәретхана бөлмелеріне, душ пен спорттық шешінетін бөлмелерге тазалық жүргізу мен техникалық қызмет көрсету кезінде оқушылардың тәртібіне назар аудару және күш әрекеттері көрсетілгеніне күмән пайда болған жағдайда, ол туралы дереу кезекші мұғалімге немесе әкімшілікке хабарлау



## **Білім мекемесінің әлеуметтік-психологиялық қызметіне** (педагог-психолог, әлеуметтік педагог, медицина қызметкері, инспекторы және т.б.) **арналған ұсыныстар**

**1 I** Жалпы білім мекемесінің және жекелеген сыныптардың (топтардың), отбасыларының әлеуметтік-психологиялық хал-жағдайына талдау жүргізу (мониторинг), оған сынып жетекшілерді үйреті. Сынып жетекшілерге, білім мекемесінің басқа қызметкерлеріне, оқушылар мен олардың ата-аналарына оларды жақсарту бойынша ұсыныстар беріп, қолдау көрсету.

**2 I** Білім мекемесінің оқушылары мен қызметкерлеріне тұлғааралық қатынас, оқу ұжымына бейімдеу, күш тәртібіне алғышарттар немесе виктимизация мәселелеріне байланысты өтініштері бойынша қолдау көрсету.

**3 I** Зорлық пен кемсітуге ұшырау қатері жоғары оқушыларды, сондай-ақ тәртіп бұзғаны немесе зорлық актісін жасағаны үшін мектеп ішілік есепте тұрған оқушыларды жүйелі бақылау; оларға, олардың сынып жетекшілері мен ата-анасына қажетті кеңестік көмек көрсету.

**4 I** Агрессивтік тәртіпті болдырмау, шиеленіс жағдайларын шешу мен олардың қатысушыларына психологиялық және құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша педагогтарға, білім мекемесінің басқа қызметкерлеріне кеңес беру.

**5 I** Білім мекемесінің жұмыскерлерімен, оқушылармен және олардың ата-аналарымен қатынас, шиеленістерді шешу, эмоцияларды басқару мен стресстік жағдайларды жеңу дағдыларын дамыту, саналы тәрбие, ата-ана дағдылары, қандай да бір тәртіп пен өзге релевантты тақырыптар бойынша құқықтық жауапкершілік мәселелері бойынша арнайы сабақтар мен тренингтер жүргізу.

**6 I** Қатер тобы балалары мен зорлық жағдайынан анықталған балалар отбасының әлеуметтік бейнесін қадағалау, қажет болған жағдайда, әлеуметтік, психологиялық көмек көрсету немесе әлеуметтік, психологиялық көмек үшін басқа ұйымдар мен қызметтерге жіберу.



ойындар, символикалық агрессияны білдіру арқылы ішкі қысылуларды сыртқа шығару;

- Баланы дене релаксациясы арқылы эмоционалдық кернеу деңгейін төмендетуге үйрету (ол үшін медиативті, тыныш музыка тыңдау, қиялдау-визуалдау, баяу билер, тыныс жаттығулары, аутотренинг әдістері және т.с.с. пайдаланылады);
- қарым-қатынас бойынша серіктесіне айту және ынтымақтастыққа шақыру арқылы өз сезімдерін білдіруге үйрету (осындай стратегия ізгілік тәсілінде пайдаланылады). Осындай әрекеттер нәтижесінде қарама-қайшылықтарды жеңуге, болашақта шиеленістердің алдын алуға болады;
- Эмпатия сияқты қасиеттерді қалыптастыру;
- өзге тұлғалық және отбасылық қиындықтармен жұмыс.

**12 I** Ата-аналармен күшсыз тәрбие мен жақындастықты нығайту бойынша жұмыс жүргізу (мысалы, ата-аналар тобы түрінде).

**13 I** Тек зорлықтың алдын алу үшін ғана емес, сонымен қатар құрылымсыздық тәртіптің басқа формаларын да болдырмауға бағытталған білім алушылардың тұрақтылығы мен төзімділігін дамыту үшін, сынып жетекшілерді үйрету немесе өз бетімен сабақтар/тренингтер өткізу.

**14 I** Зорлықтан жәбір шеккендерге және шиеленіс жағдайларының басқа қатысушыларына көмек көрсету, сондай-ақ зорлық мәселелері бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізу үшін әртүрлі қызметтермен (ПМПК, медицина орталықтары, поликлиникалар, ТПБ, әлеуметтік қызметтер, психологиялық қызметтер, оңалту орталықтары және т.с.с.) байланыста болу.



## **«Білім мекемесінің зорлыққа қатысты саясаты» құжатының үлгілік құрылымы**

**1 I Құжат мақсаты:** білім мекемесі басшылығының, педагогикалық ұжымның, барлық жұмыскерлердің, оқушылар мен ата-аналардың білім мекемесінде қауіпсіз, кемсіту мен зорлық жоқ, білім беру ортасының барлық қатысушыларның жақсы оқуы мен табысты жұмысына ықпал ететін инклюзивті, мейірімді ортасын құруға ниеттерін растау.

Мүмкін мәтін үлгісі: Біздің мектеп әрбір оқушының қамқорлы, бауырмал және зорлық, қорлау мен кемсітушілік жоқ қауіпсіз ортада табысты оқуы мүдделі. Біздің мектеп барлық оқушыға зорлықсыз білім алу мен өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік қамтамасыз етуге тырысады».



дициналдық көмек шақыртып, дереу оқиға туралы ата-анасына (егер жәбірленуші оқушы болса) хабарлайды.

Инцидент туралы ата-анасына, шиеленіске қатысушылардың сынып жетекшісіне (сынып жетекшілерге), директордың жауапты орынбасарына, ол болмаса – кезекші әкімгерге хабарлау керек. Оқиғаға, жағдай сипаты мен салдарына байланысты білім мекемесінің директоры құқыққорғау органдары мен жергілікті әкімшілікке хабарлайды.

### **3 I Оқиғаны тіркеу және талқылау**

Инциденттен кейін жеке-жеке ата-аналардың қатысуымен жәбірленушілермен, жәбірлеушілермен және куәлармен сөйлесу керек. Осындай әңгімені әдетте сынып жетекші (немесе жәбірленуші сенетін басқа педагог) жүргізеді, қажет болса, оған мүмкіндігінше білім мекемесінің психологы қатысады.

Содан кейін жәбірлеушімен және куәлармен сөйлесу керек.

Осы кезеңде, қатысушылармен жұмыстың әрі қарайғы тактикасын анықтау үшін, жағдайды талдау керек. Жағдайды талдау:

- жәбірленушінің жағдайын;
- күш немесе кемсіту әрекеттерін жасау нақтылығын;
- осы әрекеттер ұзақтығы мен қайталанушылығын (бірінші және жалғыз жағдай, қайталанған күш әрекеттері немесе жүйелі қорлау);
- әрекеттер мен олар болған жағдайлар сипатын;
- әрекет қатысушыларын (жәбірленуші, жәбірлеуші, белсенді қолдаушылар, куәлар, қорғаушылар);
- күш әрекеттерін көрсету, кемсіту уәждерін;
- куәлардың болған оқиға мен жәбірлеушіге көзқарасын;
- оқиға динамикасын, барлық оның қатысушылары үшін күш салдарының мүмкіншілігі мен жағдайдың ықтималды даму моделін анықтауды көздейді.

Болған оқиға түсінікті болғаннан кейін, сынып жетекші немесе тексеру жүргізген басқа жұмыскер ол туралы зорлық жағдайын есепке алу журналына (электрондық деректер базасына) енгізіп, директорға хабарлайды.

Білім мекемесі басшысының шешімі бойынша белгілі болған зорлық жағдайын немесе оқушылар, ата-аналар немесе жұмыскерлердің күш әрекеттеріне байланысты шағымдарын әрі қарай тексеруді арнайы комиссия немесе құқықбұзушылықтың алдын алу комиссиясы жүргізеді. Осындай кеңестер көптеген білім беру ұйымдарында бар, олардың міндеті – оқушылардың қоғамға қарсы әрекеттер мен құқықтнбұзушылық әрекеттерін жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, кәмелетке толмаған оқушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Зорлық жағдайларын талдауға психолог, әлеуметтік психолог., медицина қызметкері, ал күрделі оқиға жағдайында - жоғары білім беру ұйымының, ішкі істер бөлімінің, құқыққорғау органдарының өкілдері қатысады.

Болған зорлық жағдайын мұқият талдау жиірленушіге, жәбірлеуші мен куәгерлерге көмек көрсету мен балама жағдай қатысушыларына тәрбиелік, тәртіптік және қажет болса, түзету шараларын қолданудың дұрыс стратегиясын анықтауға мүмкіндік береді.





Осындай талдау сыныптың социометриялық бейнесі мен ықпалдың қажетті векторларына қатысты болжам жасауға мүмкіндік береді. Талдау қорытындысы бойынша, педагог сынып өміріне кімді белсенді қатыстыру керек, кіммен сеніммен сөйлесу керек және қандай балаға назар мен көмек керек екенін, осындай жағдайдың (шеттетілген балалар, статусы өзгерген балалар) себебін түсіну үшін кіммен сөйлесу керек екендігін түсіне алады. Сондай-ақ педагог мүмкін тіпті бәсекелестегі көшбасшыларды анықтап, олардың көшбасшылық стилін, ол немен нығайтылатынын, оған кім қолдау көрсетітін талдай алады.

Егер балалар өзінің парағына атын жазбайтын болса, ол педагогқа ашық жауаптар алып, жасырын мәселелерді анықтауға көмектеседі. Егер балалар өз таңдауларына аттарын жазатын болса, онда педагог сыныптың тәптіштелген сұлбасын жасай алады, өйткені ол кім-кіммен байланысты екенін, топтарға қалай біріккенін көре алады. Екі нұсқаның да артықшылығы мен кемшіліктері бар, таңдау педагог қолында.

### **Жағымды топтық динамиканы қалыптастыруға арналған социометриялық және түзету әдістемесі «Өзара көмек»**

Аптасына бір рет оқушыларды ерікті түрде жұптарға (мысалы, аттарды атай отырып) бөліп, әрбір жұпқа бір-біріне өте зейінді болып, бір-бірін зерттеуге тапсырма беру керек. Кімнің мінезі қандай, кімге не ұнайды, қандай әдеттері мен қызығушылықтары бар. Бала кешіккен немесе ауырып қалған жағдайда, олар серіктесінің халі қалай екенін біліп, үй тапсырмасын орындауға көмектесіп, жаңалықтармен бөлісіп, оның жағдайын сұрау керек. Апта соңында балалар бір-бірі туралы не болғаны туралы есеп жазып, мұғалімге өткізеді.

Жұптарды апта сайын ауыстыру керек, жұптарды қалыптастыру барысында оқушылардың эмоционалдық ойларын ескеру керек, бір-бірін онша жақсы көрмейтін балаларды бір жұпқа біріктіруге болмайды.

Осы практика сыныптың татулығын, бірлігін нығайтуға, бір-біріне деген қарым-қатынастарын анықтауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ол тәртіп деңгейінде оқушылардың бір-бірінің жағдайына деген зейінін арттырады.

Есептер нәтижелері бойынша, педагог қай балаға бір-бірімен қатынас жасау оңай, кімге қиынырақ екендігін талдап, оны себебін анықтай алады. Есеп соңында балалар бір-біріне деген тілектерін жаза алады, ал педагог сынып сағатында – олардың кейбіреуін оқып бере алады. Осындай сынып сағаты кезінде педагогтың, үлкенлер балалардың көңіл күйін немесе мәселелерін үнемі байқай бермейтіндігі, ал балалар оны бірден байқап, сыныптасына қолдау көрсете алатындығына, ал келесі жолы өзі осындай қолдау ала алатындығы туралы айтқаны пайдалы. Осылайынан педагог балалар ұжымын нығайтып, оның сындарлы өзін-өзі ұйымдастыру механизмін іске қосады, тең-теңімен принципі бойынша өзара қолдау жүйесінің негізін қалыптастырады.



# Зорлық оқиғаларын есепке алу журналы үлгілік формасы

## 1-ПАРАҚ

Мерзімі мен уақыты	Орны	Қысқа сипаттамасы	Күш әрекеттерінің салдары (залалы)	Жәбірленуші, сыныбы, тобы немесе лауазымы	Жәбірлеуші, сыныбы, тобы немесе лауазымы	Алғашқы немесе медициналық көмек көрсету
2015 ж 12 ақпан	Дәліз	Оқушылар арасындағы төбелес	Дене жарақаттарын алған (қасы мен ерні жарылған, басы ауырды)	ТАӘ, 10 а сыныбы	ТАӘ, 8 б сыныбы	Мектеп медбикесі булінулерді өңдеді
2015 жылғы ақпан айының 2-ші аптасы	Сынып бөлмесі, дәліз, мектеп ауласы	Бір топ сыныптастар жанадан келген отбасы аз қамтылған сыныптас қызды жүйелі түрде қорлап келген	Жабырқау жағдай, мектепке келгісі келмейді	ТАӘ ТАӘ ТАӘ ТАӘ 5 а сыныбы	ТАӘ ТАӘ ТАӘ ТАӘ 5 а сыныбы	Нет
5 а сыныбы	Бас тартқан жоқ	Старшеклассник вымогал деньги у младшего школьника из семьи трудовых мигрантов	Боялся встречи с обидчиком, не мог пообедать в столовой – оставался голодным	ФИО, 9а класс	ФИО, 36 класс	Нет
2015 жылғы қыркүйек айының 2-ші аптасынан бастап 15 қауанға дейін	Орын анықталмады	Жоғары сынып оқушысы еңбек мигранттары отбасынан шыққан кіші сынып ақшасынан ақша бопсалаған	Жәбірлеушіден кездесілген қорқанды, асханада тамақ іше алмай, аш қалған	ТАӘ, 9 а сыныбы	ТАӘ, 3 б сыныбы	Бас тартқан жоқ
2015 жылғы 21 қыркүйек	Сынып бөлмесі 4 а	Мұғалім сабақ өткізуге кедергі жасаған оқушының басынан ұрған	Басы ауырады, реніш пен қорлық сезімі, мектепке барғысы келмейді	ТАӘ, бастауыш сынып мұғалімі	ТАӘ, 4 а сыныбы	Бас тартқан жоқ

## 2-ПАРАҚ

Оқиғаны кім тергеп-тексерді	Жәбірленушімен жұмыс	Жәбірлеушімен жұмыс және қабылданған шаралар	Сыртқы қызметтердің арнайы мамандарын тарту	Оқиға туралы әртүрлі инстанцияларға хабарлау	Оқиғаны талдау мен оның қатысушыларымен жұмыс үшін жауапты тұлға
Директордың жауапты орынбасарының, 86 мен 10 а сынып жетекшілері	Сынып жетекші оқушымен әңгіме өткізді, ата-анасына хабарлады	Сынып жетекші оқушымен және оның әкесімен (жеке-жеке) әңгіме өткізді, оқушы мекетеп психологымен сөйлесуге жіберілді	Жоқ	Жоқ	Директордың жауапты орынбасарының
5 а сынып жетекшісі, мектеп психологымен бірге	Сынып жетекші оқушы қызбен және оның ата-анасымен сөйлесті. Әлеуметтік педагог отбасы жағдайын бағалап, көмекті рәсімдеуге көмектесті. Психолог оқушымен 3 жеке сұхбат жүргізді	Сынып жетекші жәбірлеушілер тобымен (жеке-жеке) әңгіме өткізді	Жоқ	Жоқ	5 а сынып жетекшісінің
36 мен 9 а сынып жетекшілері	Сынып жетекші оқушымен әңгіме өткізді	Сынып жетекші мен инспектор оқушымен әңгімелесті. Мектепшілік есепке қойылды	Жоқ	Жоқ	Директордың жауапты орынбасарының
Бастауыш мектеп меңгерушісі, психолог	Бастауыш мектеп меңгерушісі ата-аналармен сөйлесті, психолог оқушымен 1 кеңес өткізді	Меңгеруші мұғаліммен әңгіме жүргізді, психолог сабақ кезінде тәртіпке қолдау көрсету мен кәсіби жану әдістері туралы білімін өзектендірді	Жоқ	Жоқ	Бастауыш мектептің оқу ісіндегі меңгерушісінің





### Әдебиет

1. Травли NET. Мектеп педагогтары мен мектеп психологтарына арналған әдістемелік құрал./ Л.Петрановская.; ред. М.Рупасова. – Мәскеу, 2018.
2. Білім беру мекемелерінде зорлықты болдырмау. Педагог қызметкерлерге арналған әдістемелік нұсқаулық /Л.А. Глазырина, М.А. Костенко; ред. Т.А. Епоян. – Мәскеу, 2015. Мәскеудегі ЮНЕСКО Бюросының қолдауымен әзірленген.
3. Зорлықсыз мектеп. Әдістемелік құрал / ред. Н.Ю. Синягина,Т.Ю. Райфшнайдер. – М.: АНО «ЦНПРО», 2015
4. Қырғыз Республикасының білім беру ұйымдарында зорлықты болдырмау, Педагог қызметкерлерге арналған әдістемелік нұсқаулық /Абдылдаева Г.К., Горкина В.А. – Бішкек, 2015
5. Шығыс Қазақстан облысы мектептерінде зорлықтың алдын алу және әрекет ету. – Астана,2014. Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрлігі, Адам құқығы бойынша Уәкілетті мекеме, Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі, Шығыс Қазақстан облысы С. Аманжолов ат. Мемлекеттік университет пен UNICEF арасындағы ынтымақтастық аясында әзірленген.
6. Үй зорлығының алдын алу. Орта білім мекемелерінің педагог қызметкерлеріне арналған құрал. – Минск, 2013 БҰҰ Балалар Қоры (ЮНИСЕФ), Беларус Республикасының білім министрлігі, Ұлттық білім институты
7. Оқушылар ортасында зорлық белгілеріне қарсы әрекет үшін білім мекемелері мен қоғамдық институттардың өзара әрекеті негізінде білім беру мекемелерінде психологиялық қауіпсіз атомсфераны қалыптастыру моделі. Әдістемелік нұсқаулықтар/ Кривцова С.В., МО ЖКБ МББМ «Әлеуметтік басқару академиясы» Білім берудің практикалық психология орталығының бастығы, психол. ғыл. Канд. – Мәскеу, 2013.
8. Get smart. Get help. Get safe. Preventing, Assessing and intervening in Teen Dating Abuse. A training for specialized instructional support personnel./U.S. Department of Education, Office of Safe and Healthy Students, 2018
9. Empower Educators/ Facebook, 2016

### Келесі сайттардың материалдары пайдаланылды:

1. <https://www.stopbullying.gov/>
2. <https://травлинет.рф>
3. Facebook әлеуметтік желісінің топтары  
<https://www.facebook.com/groups/stopbullyingkz/>

### Заңнамалық актілерден үзінділер келтірілген:

1. Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылар) және отбасы туралы» Кодексі (01.04.2019 ж. жағдайына өзгерістері және толықтыруларымен)
2. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексі (01.08.2019 ж. жағдайына өзгерістері және толықтыруларымен)
3. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы 345-II Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары туралы Заңы (01.04.2019 ж. жағдайына өзгерістері және толықтыруларымен)
4. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы ( 29.12.2014 ж. жағдайына өзгерістері және толықтыруларымен)

